
КАННИБАЛИЗМ АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ТҮРІ РЕТІНДЕ

*Өзбеков Дархан Өзбекович, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессор ассистенті,
Болатова Индира Болатқызы, 4 – курс студенті*

Қоғам мен қоғамдағы қарым – қатынастар дамыған сайын қылмыстар да түрленіп қоғаммен бірге даму үстінде болды. Қоғамның қай даму сатысында болмасын жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны артпаса, төмендеген жоқ. Ежелгі кезден адам өмірі мемлекеттің басты қазынасы болды деп көрсете аламыз. Республикамыздың Конституциясының 1 – ші бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін атап көрсеткен. Ал Конституцияның 15 – ші бабында әркімнің өмір сүруге құқығы бар, ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ деп көрсетілгендерден ұғынатынымыз адам өмірі ең құнды байлық болып табылады деп айтсақ та сәйкес болады деп айта аламыз. [1]

Адамдардың даму тарихында адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстардың ішінде ерекше көзге түсетіні ол каннибализм қылмысы деп атап көрсеткім келеді. Адамзат тарихы көрсеткендей, каннибализм ежелгі дәуірде, ең алдымен, азық – түлік жетіспейтін кезеңдегі қажеттілікті қанағаттандыру құралы ретінде; содан кейін антропофагия діни – мистикалық мағынаға ие бола бастады, адам денесінің бөліктері медициналық мақсатта да пайдаланылды. [2]

Каннибалдар туралы әңгімелер ежелгі дәуірден басталғанымен, Колумб Батыс Үндістанда кездескен соғысушы тайпаларды бірінші болып «адам жегіштер» деп атады, бұл термин олардың қаһарлы жауларын Карибтер деп атаған аравактар берген ақпараттан алынған. Осы кезден бастап Ұлыбританияның ескі жазушылары адам жегіш халықтарды жазба әдебиеттерде каннибалдар деп атап, оларды жабайы халық деп атай бастады.

Жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатында жасалған кісі өлтіру қоғамдық қауіпті зардап – жәбірленушінің қайтыс болуы басталған кезден бастап аяқталған қылмыс болып табылады. Бұл ретте қылмысты аяқталған деп тану үшін кінәлі адамның көрсетілген мақсатқа жетуі талап етілмейді, оның болу фактісін анықтау жеткілікті. Ағзалар мен тіндер алып тастау сәтіне дейін жәбірленушінің денесінің бір бөлігі болғандықтан, оларды алып тастағаннан кейін ғана қолдануға болады. Сонымен бірге, «алып тастау» терминін мүмкіндігінше кеңірек түсінген жөн, бұл органның немесе тіннің денеден кез келген бөлінуі, оның ішінде ешқандай арнайы құралдарды қолданбай дене бөліктерін тістеу арқылы жүзеге асырылуын айтамыз. Осыған байланысты ұстаным даулы болып көрінеді, оған сәйкес адам денесінің бөліктерін алып тастау және пайдалану әрекеттері сәйкес келетін жағдайлар болуы мүмкін [3].

Жәбірленуші өлгеннен кейін ағзаларын немесе тіндерін алып тастаған жағдайда, қылмысты дұрыс саралау үшін кінәлінің мәйіт бөліктерін жеу ниетінің пайда болу сәтіне назар аудару қажет.

Айта кету керек, қылмыстық – құқықтық доктринаның көптеген өкілдері некрофагия (өлі денені жеу) өлгендердің денелерін қорлау құрамын құрайтын дербес

әрекет болып табылатын көзқарасты бөліседі. Каннибализмнің бұл түрі әрекет болғанына қарамастан, ол қайтыс болған адамға қоғамда қалыптасқан көзқарастың дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарына, оның ішінде оны жерлеудің рұқсат етілген нысандарына өрескел қайшы келеді және қоғамдық имандылыққа қол сұғады [4].

Басқаша айтқанда, адам денесінің бөліктерін жеу мақсатында жүргізілген мәйіттің ағзаларын немесе тіндерін алу, сондай-ақ оны бөлшектеу қылмыс болып табылады [5].

Қазақстан Республикасында каннибализмге қарсы ешқандай заңдар жоқ, бірақ елімізде бұл қылмысты Қылмыстық Кодекстің 116 – бабы бойынша адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою арқылы саралайды.

Айта кететін ең маңызды мәселелердің бірі еліміздің қылмыстық заңнамасында каннибализм қылмысына қатысты қылмыстық жауапкершілікті белгілеп, реттеуге байланысты біршама олқылықтар бар. Жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану және қайтыс болған адамның денесіне қиянат жасау үшін кісі өлтіру қылмысын саралауға бірыңғай көзқарасты қалыптастыру қажет деп ойлаймын.

Елімізде каннибализм қылмыстарын КСРО кезеңінде орын ала бастады, бірақ кеңес үкіметі бұл қылмысты барынша жария қылмай жасырын түрде ұстады.

Қазіргі заманауи қоғамда каннибализм тәжірибесіне жеке қылмыстық жауапкершілік енгізу қажет халықаралық қылмыс екенін көріп отырмыз.

Бұл мақалада мен каннибализмге байланысты негізгі қалыптасқан үш пікірді атап көрсеткім келеді. Себебі каннибализм қылмысына қатысты әр халық ғалымдарының пікірлері әртүрлі болып келеді.

Каннибализмге байланысты бірінші пікір – каннибализм тәжірибесін жою болып табылады. Көптеген ғалымдар каннибализм қылмыстарын саралауда көптеген қателіктер бар және осы қылмыс орын алмауы үшін шектеу шараларын шығару керек деп көрсетеді. Ағылшын ғалымдарының пайымдауынша – каннибализм тәжірибесі жабайы халықтардан тараған ерсі іс – әрекет, себебі ол жабайыларға және жануарларға ғана тән іс деп көрсетеді. Ғалымдардың көбісі каннибализм халық арасында таралып кетпеуі үшін және адам етін жеуге деген фетишизмнің алдын алу керек деп дабыл қағуда. Сол себепті каннибализмді нақты қылмыс түрі ретінде танып лайықты жаза тағайындау керек деп көрсетеді.

Екінші пікір – каннибализм тәжірибесін ұстанатын халықтардың ішіндегі каннибализм заңы. Заң – каннибализм тәжірибесін тек қисынсыз немесе азғын әрекет ретінде ғана емес, белгілі бір функцияны орындайтын нормалар жүйесінің бөлігі ретінде түсінуге қажет. Себебі каннибалдар өз әрекеттерін аштық кезінде өз популяциясын сақтап қалудың және адамдардың ең болмағанда аз түрін сақтап қалу үшін жүргізілген әрекет деп өздеріне ақтау сөз ұсынған болатын. Әлемдегі ең кедей және азаматтық соғыстар орын алып жатқан Руанда және Конго Демократиялық Республикаларында каннибализм тәжірибесі әлі күнге дейін орын алууда.

Үшінші пікір – каннибализмді психологиялық нормаға сүйенетін жүйе деп қарастырады. Бір топ ағылшын ғалымдары адам жегіштердің шектен шығуын психологиялық түрде – реформациядан кейінгі діни пікірталастарға, қатыгез немесе кекшіл қарым – қатынасты бейнелеуге бағытталған пікірлермен байланыстырды.

Каннибализм туралы барлық үш пікірді Сьерра – Леоне арнайы сотының сот практикасынан оқып, біле аламыз. Бұл сот практикасындағы статуттық құқықтың өзінде каннибализм қылмысын саралау біраз қиыншылықтар туғызды. Себебі, куәгерлер көрсеткен каннибализм туралы айғақтар бола тұра ешкім каннибализм қылмысы үшін сотталмаған болатын.

Жоғарыда айтылғандай, Сьерра – Леоне арнайы сотының сот процестерінде куәгерлер айыпталушының каннибализм әрекеттерін жасағаны туралы куәлік берді, бірақ бұл әрекетте ешкім сотталмады, тіпті айыпталмады. Бұл – каннибализмге қатысты халықаралық қылмыстық құқықта жалпы нормалардың жоқтығын көрсетеді. Бұған Руанда мен Конго Демократиялық Республикасындағы халықаралық қылмыстық соттардың каннибализмді әскери қылмыс ретінде айыптауға есік ашатын юрисдикциясы бар қақтығыстар кіреді.

Мақаланың осы бөлігінде біз халықаралық қылмыстық құқықтың мәдениаралық сипаты каннибализм контекстінде заңның кейбір шектерін белгілей алмайды деп санаймын. Сондай – ақ каннибализмге қарсы заңның ұтымды нұсқасын жасау арқылы осы қылмыстың қылмыстық кодексте басқа баптармен саралануын азайтуға мүмкіндік беретін жаңа жүйені жасауда деп көрсетеміз.

Жоғарыда айтылған мағлұматтар мен тұжырымдарға сүйене отырып каннибализм қылмысын саралауға байланысты бірнеше ұсынысымды атап көрсеткіміз келеді.

1) Адамды аса азғындықпен өлтіріп оның ағзалары мен тіндерін тамақ ретінде пайдаланатын қылмыскерлерге аса қатал жаза белгілеп оқшауланған түрмелерде қамауда ұстау .

2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне каннибализм қылмысын саралау үшін жеке бап ретінде көрсетіп, каннибализм қылмысын ауырлататын мән – жай ретінде қарастыруды.

3) Каннибализм қылмысын жасаған адамдарды ерекше оқшаулатылған режимде ұстау, олармен арнайы психолог мамандар жұмыс жасау арқылы осы қылмыстың алдын алу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданды // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2. Канаевский Л.Д. История каннибализма и человеческих жертвопринощений // Электронная библиотека MyBook, <https://mybook.ru/author/lev-kanevskij/istoriya-kannibalizma-i-chelovecheskih-zhertvoprinozhenij/read/?page=3>

3. Дорогин Д.А. Противоправные деяния, связанные с органами и (или) тканями человека: уголовно – правовое исследование. М., 2016. С. 153.

4. Исмагилов Р.А., Шарапов Р.Д. Похоронная культура как объект уголовно-правовой охраны. М., 2014. С. 54;

5. Уголовное право России. Особенная часть / Под ред. А.И. Рарога. М., 2009. С. 43-44 (Автор главы – Т.Г. Понятовская).